



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАР  
МИНИСТРЛІГІ

«Қазгидромет» Республикалық  
Мемлекеттік Мекемесі

## **2026 жылғы СӘУІР бойынша Қазақстан аумағы климатының ЖЕДЕЛ МОНИТОРИНГІ**

*Қазақстан аумағындағы ауаның орташа айлық температураның және  
айлық атмосфералық жауын-шашын мөлшерінің аномалиялары*

Астана 2026

## ӨЗЕКТІ АҚПАРАТ

- 2026 жылғы сәуір айында ауа температурасының орташа айлық көрсеткіші **климаттық нормадан 3,27 °С-қа жоғары** болды;
- Атмосфералық жауын-шашын мөлшері климаттық нормадан **3,86 мм-ге жоғары** болды;
- Қазақстандағы **тоғыз метеостанцияда**, Алматы, Қарағанды және Жамбыл облыстарында орналасқан, температураның рекордтық мәндері тіркелді;
- **Бір метеостанцияда** айлық атмосфералық жауын-шашын мөлшерінің рекорды жаңартылды.

*Шығарылымға жауапты:*


*Ж. Дюсенова – ҒЗО ҚЗБ жетекші ғылыми қызметкері*

*Н. Абдолла – ҒЗО ҚЗБ жетекші инженер*

## ОРТАША АЙЛЫҚ АУА ТЕМПЕРАТУРАСЫНЫҢ АНОМАЛИЯЛАРЫ

2026 жылғы сәуірде ауаның орташа температурасы климаттық нормадан **3,27 °C** асып түсті. Мұндай оң ауытқулар бақылаудың өткен жылдарында да байқалған.

Температуралық ауытқулардың уақыт қатарын талдау айқын оң трендті көрсетеді. 1941 жылдан 2016 жылға дейін температураның теріс ауытқулары басым болды, ал соңғы уақытта оң аномалиялар басым болды, бұл Қазақстан климатының жылынуының айқын үрдісін көрсетеді (1-сурет).



1-сурет. 1941-2026 жылдар кезеңінде Қазақстан аумағы бойынша орташаланған жылдық ауа температурасының наурыз айындағы (°C) ауытқуларының уақыттық қатарлары.


Аномалиялар 1991-2020 жылдардағы базалық кезеңге қатысты есептелген

Сәуірде Қазақстан аумағында ауа температурасының оң ауытқулары байқалды (2-сурет). Климаттық нормадан ең көп ауытқу (4,1-4,9 °C) елдің солтүстік, орталық, оңтүстік және оңтүстік-батыс аудандарында тіркелген.

Жоғарыда аталған аудандарда орналасқан 147 метеорологиялық станцияларда температураның 95-100 % аспау ықтималдығымен аса жоғары оң ауытқулары тіркелді. Алматы, Қарағанды, Жамбыл облыстарында орналасқан

тоғыз метеостанцияның деректері бойынша орташа айлық ауа температурасының рекордтары жаңартылды (1 кесте).

Батыс Қазақстан, Атырау және Маңғыстау облыстарының батыс бөлігінде ауа температурасы тұтастай алғанда климаттық нормаға сәйкес келді. Жәнібек ( $-0,1\text{ }^{\circ}\text{C}$ ) МС Батыс Қазақстан облысында және Тұщыбек ( $-0,4\text{ }^{\circ}\text{C}$ ) МС Маңғыстау облысында теріс аномалиялар байқалды.



2 – сурет. 1991–2020 жылдардағы кезеңге қатысты есептелген 2026 жылғы сәуір айындағы орташа айлық ауа температурасы ( $^{\circ}\text{C}$ ) аномалияларының кеңістіктік таралуы және 1941–2026 жылдардағы кезеңге сәйкес есептелген ауа температурасының аспау ықтималдығының кеңістіктік таралуы


1-кесте. 2026 жылғы ақпан айындағы ауа температурасының орташа айлық рекордтық мәндері

№	Метеостанция	Облыс	Ауа температурасының жаңа ең жоғары мәні, $^{\circ}\text{C}$	Ауа температурасының бұрынғы орташа айлық рекорды, $^{\circ}\text{C}$
1	Ақтоғай Кар	Қарағанды	9,5	9,3 (2025 ж.)
2	№ 4 ауыл	Алматы	15,8	15,5 (2025 ж.)
3	Балқаш	Қарағанды	13,4	13,0 (1997 ж.)
4	Бектауата	Қарағанды	13,6	13,5 (2022 ж.)
5	Қызылтау	Қарағанды	10,8	10,6 (2012 ж.)
6	Куйған	Алматы	15,1	14,6 (2025 ж.)
7	Мойынкүм	Жамбыл	16,8	16,7 (2012 ж.)
8	Сарышаған	Қарағанды	13,6	13,1 (2025 ж.)
9	Шығанақ	Жамбыл	15,5	15,1 (2025 ж.)

## АТМОСФЕРАЛЫҚ ЖАУЫН-ШАШЫННЫҢ АЙЛЫҚ МӨЛШЕРІ

2026 жылғы сәуірде ауа райы нормасынан төмен жауын-шашын мөлшерімен сипатталып, **-2,74** мм құрады.

Жауын-шашын ауытқуларының уақытша қатарын талдау құрғақ және ылғалды кезеңдердің кезектесуін көрсетеді. Соңғы алты жылда жауын-шашын тапшылығы сақталып отыр.



3-сурет. 1941-2026 жылдар кезеңінде Қазақстан аумағындағы наурыз айы бойынша кеңістіктік орташаланған жылдық (%) аномалиялардың уақыттық қатарлары. Аномалиялар 1991-2020 жылдардағы базалық кезеңге қатысты есептелген


2026 жылдың сәуірі ел бойынша жауын-шашынның біркелкі таралмауымен ерекшеленеді, елдің көп бөлігінде жауын-шашын норма шегінде түсті (4-сурет).

Климаттық норманың 120 % -ынан асатын жауын-шашын көлемі Батыс Қазақстан, Атырау, Маңғыстау, Ақтөбе, Қызылорда, Қостанай облыстарында, сондай-ақ Ақмола облысының батысында және елдің шығысында жергілікті белгіленді. Норманың ең жоғарғы мәні 230-дан 477 % -ға дейін елдің батыс, оңтүстік-батыс аудандарында және Қарағанды облысында байқалды. Қазақстанның батыс облыстарының бес метеостанциясында ылғалдану жағдайы өте ылғалды болып сипатталды (5 % е экстремумы). Қызан метеостанцияда (Маңғыстау облысы) атмосфералық жауын-шашынның айлық сомасының рекорды жаңартылды.

Жауын-шашынның тапшылығы Ақтөбе облысының оңтүстігінде, Қостанай облысының солтүстігінде, Солтүстік Қазақстан облысының батысында, Павлодар облысында, Абай облысының шығысында және Шығыс Қазақстан облысында, Алматы, Жамбыл, Түркістан облыстарының оңтүстігінде, сондай-ақ Жетісу

облысында байқалды. Ақмола, Қарағанды облыстарында және Ұлытау облысында да жауын-шашынның аздаған төмендеу ошақтары байқалды.

Ұйық және Қордай (Жамбыл облысы), Жалаңашкөл (Жетісу облысы) метеостанцияларында тиісті мәндер «өте құрғақ» (0-5 % аспау ықтималдығы) белгіленді.



4-сурет. 2026 жылғы наурыздағы атмосфералық жауын-шашын мөлшерінің (1991–2020 жж. кезеңге есептелген нормадан % бойынша) және атмосфералық жауын-шашын мөлшерінің аспау ықтималдығының кеңістіктік таралуы (1941–2026 жж. кезеңі)

2-кесте. 2025 жылғы сәуір ай сайынғы жауын-шашынның ең жоғары рекордтық мәндері

№	Метеостанция	Облыс	Жауын -шашынның айлық мөлшерінің жаңа рекорды, мм	Жауын-шашынның айлық жиынтығының бұрынғы рекорды, мм
1	Қызан	Маңғыстау	88,8	60,3 (1987 ж.)